


АВТОКӨЛІК ЛОГИСТИКА ЖҮЙЕСІ ТИІМДІЛІГІНЕ МАМАНДАР ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ТИГІЗЕР ӘСЕРЛЕРІ

Көптеген орыс зерттеушілері А. М. Гаджинский, Л. Б. Миротина, Ю. М. Неруш, В. И. Сергеев, А. А. Смехов жұмыстарында тасымалдау логистиканың белгілі бір жүйесінің құрамында және арнаулы міндетін автокөліктер жүз пайыздық сенімділікпен атқарады деп қарастырған [1]. Бұл көзқарас жалпы логистикалық жүйе кеңістігінде экономикалық негізде талдау жасағанда, шартты түрде қабылдаған дұрыс пікір деуге болады. Бірақ нақты көлік логистикасы жүйесіндегі тасымалдау тізбегі сенімділігінің негізіне көптеген ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Ал автокөліктер кешені үшін басты фактор жүйедегі мамандардың кәсіби шеберлігі. Жоғарыдағы суретте мамандар ағымдарының сұлбесі берілген. Бейненің түбінде «үш бұрыш» сол мекеменің құрылтайшылары, одан соң

басқару мамандары және автокөлік жүргізушілері. Ұжым тұрақты және болашаққа сеніммен қызмет етуі үшін құрылтайшыларға қояр талап соған сәйкес, ал мамандар толықтай кәсіби мамандығын іске асыруы үшін тұрақты түрде қаржы және ақпарат ағымдары толық болуы тиіс. Ал негізгі қызмет тапсырушылармен жұмыс істейтін көлік жүргізушілеріне қойылар талап ерекше, бұл тұста келісім бағасы соңғы орында болады. Осы талаптар орындалмай тасымалдаудан пайда болмайды. Аталған мамандар ағымдарының және басқа да факторлардың кәсіпорынның қаржы ағымдарына тигізер әсерлерін талдап көрелік. Нарық кеңістігіндегі барлық жеке кәсіпкерлердің, ұжымдардың ең басты мақсаты – салынған қаржыны пайдаланып, үстеме



1-сурет. Автокөлік кәсіпорындарындағы мамандар ағымдарының орналасуы мен оларға қойылар талаптар сұлбесі

табыс табу. Бұл бәсекелестіктің негізгі шарты.

Егер бастапқы салынған қаржы (W_0) болса, құрылтайшы соңғы алар қаржы мөлшері (W_f) болуы үшін (W_T) қосалқы шығындар жұмсалуды тиіс, сонда кеткен пайданы (W_D) аламыз делік, яғни қосымша (W_T) шығын арқылы (W_D) пайда аламыз $W_T \otimes W_D$. Қосымша шығындар (W_T) көлемі алдын ала анықталған және тұрақты.

Осы шартпен төмендегідей жағдайларды қара-


стырамыз. Атқарылған жоспар бойынша

$$W_D = W_T + W_{КП},$$

мұндағы $W_{КП}$ – алдын ала жоспарланған, яғни күткен пайда мөлшері. Осы жағдайлардың орындалу кездейсоқтығын P_0 деп белгілейміз.

Екінші жағдай $W_D = 0$ болуы мүмкін дейік және осы екі жағдайдың шартты түрде сұлбесін келтірейік:

Көрсетілген суретте алғашқы вариантта тапсы-



2-сурет. Логистикалық жүйеге салынған шығындардың өзгеру варианттары

рыс алдын ала (W_T) шығындар есебінен толықтай орындалып жоспарланған (W_D) қаржыны алды дейік, яғни бұл ешқандай күтпеген жағдай кездеспеген P_0 -мен белгіленген вариант түрі.


Ал екінші кездейсоқтық P_1 жол үстінде күтпеген жағдайлар орын алып, кәсіпкер салған шығындарын (W_T) жоғалтып, ешқандай қаржыны қайтара алмады. Оған автокөлікпен тасымалдау-

дың ең басты артықшылығы «есік-тен есікке» тасымалдау екенін еске алсақ, кездейсоқ жағдайлардың алдын алу немесе болдырмау негізінен сол автокөлік жүргізушінің жауап-кершілігінен, кәсіби дайындық деңгейінен және адамгершілігінен болатынын күнделікті іс-тәжірибе көрсетіп отыр. Бірақ қандай жауапты, сенімді жүргізушілер болсын кәсіпорындағы барлық автокөлік

жүргізушілеріне толықтай кепілдік беру мүмкін емес. Сол үшін бұдан былай салынған қаржы шығындарын жоғалтпау үшін оны сақтандыру керек болады. Бұл сақтандыру үшін қосымша қаржы шығару керек (P) деген сөз. Екінші

көрсеткіш q – сақтандыру мекемесінен қайтарар қаржының алғашқы сақтандыру үшін төлеген (P) қаржыға қатынасы.

Кездейсоқтық « P_1 » жағдайы болғанда қаржыны жоғалтпау үшін тасымалдау жұмыстарын атқ-



3-сурет. Кездейсоқтық қауіп-қатерден сақтандырудағы шығындар сұлбесі

армастан бұрын оны қаржыдай сақтандырған жөн. Дегенмен басты кепілдік – кәсіпорынға мамандар таңдау, олармен алғашқы ұйымдастыру, дайындық жұмыстарын тиімділігін арттырар шаралары дұрыс болғаны. Сол себепті бүгінгі заманда жеке кәсіпкерлердің, мамандардың деңгейін бағалау арттыру үшін ғылыми-практикалық негізде «акмеология» ағымы пайдаланады [2].

Акмеология – ежелгі грек сөзі «акме» – «биіктік», «пісіп жетілуі», «ең гүлденген кезі» т.с.с. тенеулер мәнін береді.

Бұл ғылыми бағыт барлық ғылыми-теориялық, соның ішінде гуманитарлық, техникалық, жалпы техникалық сияқты бірнеше бағыттар ортасынан одан бағасының өз мамандығы бойынша «ең биік» шеберлік пен бірлікке жетудің әдіснамалдарынан пайда болған.

Ғылыми-техникалық жетістіктерге сәйкес кәсіптік акмеология ұғымы және бағыты пайда болады. Бұл мәселе бойынша Н. В. Кузьмина, И. Б. Васильев т.б. ғалымдар арнаулы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Олардың тұжырымдары бойынша акмеологияның төмендегідей негізгі заңдылықтары бар:

Өзіне-өзі сынмен қарау заңдылығы.

Әрбір адам өз кәсібі бойынша неғұрлым үлкен жетістікке жетіп, іс-тәжірибесі мен білімі көп болса, солғұрлым өзіне-өзі сын көзбен қарауы керек. «Өз қолым өз аузыма жетті» деген ұғым болмауы керек.

Ең жоғарғы көрсеткішке өзін-өзі дайындау және соған талаптану заңдылығы.

Үлкен жетістікке жеткен кәсіпкер немесе ше-

бер өз шаруашылығымен күнделікті әрі тұрақты айналысып, ең жоғарғы деңгейге жеткеннен кейін де одан әрі дамытуға ұмтылады (жаңа технологиямен, жаңа құрал-саймандармен жабдықтау т.б.).

Орнықтылық заңдылығы.

Шебер өз шаруасын жоғарғы дәрежеде меңгеріп, арнаулы технологиялық жабдықтармен қамтамасыз еткеннен соң оның теориялық негізін ойластырады және олардың заңдылығын анықтауға талпынады.

Бүтіндік заңдылығы.

Өз ісін жетік меңгерген шебер оны одан әрі жетілдіру мақсатында өндіріс жүйесіндегі жаңа технологиялық жетістіктерді тұтастай бір жүйе ретінде қолданады. Яғни арнаулы технологиялық үрдістерді емес, бүтіндей технологияны қолданады.

Кәсіби шеберлік пен меншік технологиялық жаңалықтар енгізу. Кәсіби шеберлік қызметкердің немесе маманның өз шаруасын жетік біліп, көздеген шыңына шыққанша өзін-өзі дайындауы немесе шебердің өзі енгізген технологиялық жаңалығы яғни авторлық үрдіс болуы мүмкін.

Жаңа технологиялық үрдіс енгізу арқылы шебер сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізеді және ол шебердің авторлық жаңалығы болуы мүмкін.

Еліміз егемендік экономикалық реформа жүргізіп, нарықтық қатынастар орнатқаннан бері жеке және ұйымдасқан кәсіпкерлер өндірістің барлық саласында еңбек етуде. Бірақ жаңа экономикалық талаптар, бәсекелестіктер әрбір уақыт бірлігімен саналып, заман талабына сәйкес болуды талап етеді. Олай болмаған жағдайда кәсіпкерлікте, жалпы

өмірде өз орнында табу мүмкіндігі алыстайды. Соған байланысты кәсіпкерлер арнаулы кәсіби мамандар жетіспеуіне карамастан, өз істерін ұйымдастырып, тәуекелмен еңбек етуде. Тәуекел–Уэбстер сөздігінде «қауіп, қатер, заңдылық немесе зиян келу» мағынасында берілген. Сол себепті тәуекел ету алдын ала болашақтағы алар табысынан немесе пайданың белгілі бір бөлшегін жоғалтуға дайындық.

Ал тәуекел ету үшін тек қана қаржы жоғалту яғни экономикалық жағдай ғана емес, әлеуметтік, саяси тағы сол сияқты сыртқы және ішкі әсерлер болуы мүмкін. Экономикалық тәуекел үш түрде болады.

Резюме

Эффективность автотранспортной перевозки зависит от различных внешних и внутренних факторов. Основным из них является подбор кадров, поэтому особенно для автотранспортных предприятий подготовка и подбор кадров является основным гарантом их рентабельности.

Summary

For risk not only a case of loss of money (that is economic), but can be both social, and political, etc. external and internal

influences. The economic risk can be three kinds. It is a problem that will be completely described in the following of editions.

ӘДЕБИЕТ

1. Экономика автомобильного транспорта / Уч. пособие под редакцией д. э. н. Г. А. Кононовой. М.: Академия, 2006.
2. *Жаңбыров Ж.Ф.* Жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және басқару (автомобильдермен). Оқу құралы. Алматы: Нұр-Принт, 2007.
3. *Жаңбыров Ж.Г.* Автомобильные грузовые перевозки. Учебное пособие. Алматы: Нур-Принт, 2007.
4. *Бачурин А.А.* Анализ производственно-хозяйственной деятельности автотранспортных предприятий. М.: Транспорт, 2006.

ӨОК 656.225

*Алматы гуманитарлық-техникалық
университеті*

2.11.07ж. түскен